

6D011300-Биология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған Касимбекова Мереке  
Даулетбековнаның «Білімгерлердің кәсіби құзыреттілігін  
калыптастыруда дәрілік өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін  
оқыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына

### ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қазақстанның флорасы, әсіресе таулы аймақтардың, өсімдік шикізатының сарқылмас көзі. Дәрілік өсімдіктер тез әсер ететін, кумулятивтік қасиеттері жоқ және жағымсыз жанама әсерлері аз дәрежеде байқалатын, фармакологиялық және терапевтік әсерінің кең спектрі бар фитопрепараттарды алу үшін құнды шикізат ретінде қызмет атқарады.

Докторанттың зерттеу жұмысының тақырыбы қазіргі таңда өзекті - құзыреттілікке бағытталған білім беру мәселелеріне арналған. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру оқу үрдісінің барлық кезеңінде іске асырылады. Оны іске асырудың әдіс-тәсілдері де, жолдары да көп. Соның ішінде, болашақ биолог мамандарды дайындауды дәрілік өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін оқытуда студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру өзекті болып отыр.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты білімгерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жиделер (*Elaeagnaceae*) тұқымдасының биологиялық ерекшеліктерін зерттеу, теориялық тұрғыдан негіздеу, оқыту әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Дәрілік өсімдіктер ішінде маңызды орын алатын Жиделер тұқымдасы (*Elaeagnaceae* Juss.) қос жарнақтыларға жататын, бұта немесе биік ағаш болып өседі.

Жиделер тұқымдасы құрамында биоактивті дәрумендердің, липидтердің, каротиноидтардың, фенолдық қосылыстардың көп мөлшері бар және кардиоваскулярлық, тері ауруларының, асқазан мен бауыр ауруларының алдын-алу және емдеу үшін функционалды өнімдердің, косметика мен фармацевтикалық формалардың құрамдас бөлігі ретінде кеңінен қолданылады. Қазақстанда жиделер тұқымдасына кіретін дәрілік өсімдіктер кең таралған. Қазақстанда өсетін итшомырт шырғанақтың (*E.rhamnoides*) фотохимиялық және диагностикалық көрсеткіштері жайлы деректер өте аз.

Зерттеу объектісі ретінде *Elaeagnaceae* туысы түрлерінің Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Алматы облысының Іле Алатауы бөктеріндегі Итшомырт шырғанақ (*Elaeagnus rhamnoides* L.) және Үшкіржеміс жиде (*Elaeagnus oxycarpa*) дәрілік өсімдіктерінің бірнеше популяциясы алынған. Жиделер (*Elaeagnaceae*) туысының дәрілік түрлерінің вегетативті органдарына морфологиялық-анатомиялық зерттеу

жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, бұл жұмыста липофильді және гидрофильді қосылыстардың диагностикалық көрсеткіштері зерттелген. Газ хроматография әдісімен май-қышқылдары, бета-каротин, капиллярлық электрофорез арқылы С және В дәрумендері, сонымен қатар титрлеу арқылы пектинді заттар бойынша талдаулар жүргізілген.

Касимбекова Мереке диссертациялық жұмысын даярлау барысында биологиялық және педагогикалық ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ресми құжаттармен ізденіс жұмыстарын жүргізіп, оларды өте сауатты талдай білді. Зерттеу жұмыстарын орындау барысында докторант өзінің еңбекқорлығын, зерттеу әдістерін жақсы меңгергендігін көрсете білді және отандық және шетелдік кеңесшілерінің ұсыныстарына үнемі ықыласпен қарады.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері бойынша Scopus базасына енетін ғылыми басылымда – 2; ҚР білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда -3; халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында – 4 (оның ішінде шетелдік конференцияда -1) мақалалары жарияланды.

Сонымен қатар, диссертациялық ғылыми- зерттеу жұмыстарын білім беру үрдісінде қолдану әдістемесі бойынша 1 оқу-әдістемелік нұсқаулық және 1 электронды атлас-анықтамалық 3 тілде дайындалап жарыққа шықты және авторлық куәліктер алынып, оқу үдерісіне енгізілді.

«Жиделер тұқымдасының емдік қасиеті мен зерттеу әдістері» атты оқу-әдістемелік нұсқаулығында практикалық, зертханалық сабақтарда білімгерлер дәрілік өсімдіктің жапырағы, сабағы және тамырының анатомиялық құрылысымен танысу үшін уақытша препараттарды дайындауды, талдауды және тұрақты препараттармен жұмыс істеуді үйрену әдістері берілген. Оқу-әдістемелік нұсқаулық жұмыс бағдарламасына сәйкес құрастырылған «Дәрілік өсімдіктер», «Өсімдіктер анатомиясы мен морфологиясы» курсының жекелеген тақырыптарын қамтитын тәжірибелік және зертханалық сабақтарға арналған әдістемелер берілген. Сонымен қатар, білімгерлер өзіндік жұмыстарды орындау барысында жиделер тұқымдасының емдік мақсатта қолдану тәсілдері мен практикалық маңызы жайлы жан-жақты мәліметтер берілген.

«Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктер» атты үш тілді электронды атлас-анықтамалығында Қазақстан территориясында кездесетін 120-дан астам дәрілік өсімдіктер туралы ақпаратты қамтиды. Әрбір өсімдіктің дәрілік қасиеттері, Қазақстанда таралу аймағы және сипаттамалық белгілері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген. Сонымен қатар, өсімдіктің фармакологиялық әсерлері, препараттың қолдану аясы мен пайдалануы қысқаша сипатталған, берілген фотосуреттер өсімдікті дәл анықтауға мүмкіндік береді. Электрондық атлас-анықтама қазіргі заман талабына сай үш тілде жазылған және болашақ биолог мамандардың кәсіби

құзыреттілігін қалыптастыруда көмекші құрал ретінде пайдалануға ұсынылады.

Қорыта айтқанда, Касимбекова Мереке Даулетбековнаның «Білімгерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда дәрілік өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін оқыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкес жазылғанын ескере отырып, Касимбекова Мереке Даулетбековнаны «6D011300-Биология» мамандығы бойынша философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесшісі  
Жаратылыстану институты мәті  
Биология кафедрасының пужба  
PhD, қауым.проф.м.а.



Калисва А.Н.